

# РЕФОРМАЛАР МЕН МОДЕРНИЗАЦИЯ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Жанат  
Елшібеков,

шығыстанушы-филолог

**К**азақстанның мемлекеттік тілі мәртебесіне ие болған біздің ана тіліміз жалғыз қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің рухани қоры болып табылады. Орыс тілші-ғалымы П.М. Мелиоранский оны ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі деп таныған. Ал біздің өзіміз үшін осы ана тіліміздің теңдесі жоқ рухани байлық, діліміздің дінгегі және салт-дәстүріміздің қайнар бұлағы екені – айдан анық ақиқат. Әлихан Бөкейханов «қазақ тарихы – қазақ әдебиетінде» деген еді. Яғни қазақтың тарихы – қазақ тілінде. Бұны ешкім жоққа шығара алмайтын болар.

Қазақ тілі көне қыпшақ тілінен шыққан. Бұл ешбір талас тудырмайтын қалыптасқан түсінік болса керек. 2019 жылғы қазан айында Сочиде өткен «Валдай» халықаралық пікірталас клубының XVI отырысында сөз алған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «*Алтын Орда – қазақтың мәдени кодының маңызды бөлшегі*», – деді.

Батыс тарихшылары «*қазақ этносы негізінде Алтын Орда халқының құрамына кірген қыпшақ тайпаларынан құралған болуы керек*» деген тұжырым жасайды (Британ энциклопедиясы (микрopedиясы), 10-том, 196-бет). Ал сол Алтын Орданың тарихи атауы – Ұлық Ұлыс. Батыста баяғыдан оны «Қыпшақ хандығы» деп атау дәстүрі қалыптасқан. Өйткені Алтын Ордада пайдаланылған ресми тіл де, ауызекі тіл де қыпшақ тілі болған. Ал «*Қыпшақтан тегін тікелей тарататын халық қайсы?*» деген сұраққа орыс тарихшысы Г.В.Вернадский «*Ондай халық – қырғыздар*» деп, жауап берген. Оның «қырғыздар» деп атаған халқы – тура өзіміздің қазақтар. Г.В.Вернадский Қазан революциясынан кейін шетелге кетіп қалған патша заманының ғалымы болған себепті бізді солай атаған. Батыс тарихнамасы «*Алтын Орданың соңғы мирасқорлары Қырым хандығы мен Қазақ хандығы сәйкесінше 1783 және 1847 жылдарға дейін сақталып келді*» ([https://en.wikipedia.org/wiki/Golden\\_Horde](https://en.wikipedia.org/wiki/Golden_Horde)) және «*Оның тілі қыпшақ тілі болды*» ([educalingo.com/en/dic-en/golden-horde](https://educalingo.com/en/dic-en/golden-horde)) дегенді айтады.

Осы жерде «*сол Алтын Орда кезіндегі қыпшақ тіліне қазіргі замандағы тілдердің ішіндегі ең жақыны қайсы тіл?*» деген сұрақтың туындауы орынды болар. Оған 2011 жылы Санкт-Петербургте жарияланған «Кыпчаки/половцы/куманы и их потомки. К проблеме этнической



преимущества» деген ғылыми еңбектің авторы Юрий Евстигнеев кезінде былай деп жауап берген: бұрын болған қыпшақ тіліне қазіргі уақытта барынша жақын болып табылатын тіл — ол далалық Қырым татарларының тілі; ал қай жағынан алғанда да, қыпшақтың тікелей ұрпағы деп есептелуге тиіс халық — ол ноғайлар.

Дәстүрлі қазақ мәдениеті мен тілінің ноғай мәдениеті мен тілінен ешқандай айырмашылығы жоқ десе де болады. Осы екі халықтың мәдени қазыналарының көп жағынан алғанда ортақ болып көрінетіні тіпті ғажап емес. Ноғайлы заманының ақындары Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы (XV ғ.), Асан қайғы Сәбитұлы (XV ғ.), Қазтуған Сүйінішұлы (XV ғ.), Шалкиіз Тіленшіұлы (1465 – 1560) және Досмамбет Азауұлы (1490 – 1530) қазақтар мен ноғайлар халық эпосының, фольклорының және поэзиясының негізін салушылар ретінде тарихта қалды. Осы жерде тағы бір айта кететін нәрсе мынау: далалық Қырым татарларының тілі деген — ол да ноғай тілі. Қазақ пен ноғайдың іргесі бөлініп, қонысы жырақтағалы бері бірнеше ғасыр өтсе де, екі тілдің арасындағы жақындық сақталған. Олар Алтын Орда немесе Қыпшақ хандығы тұсында қолданыста болған көне қыпшақ тілінің тікелей мұрагерлері болып табылады. Түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Сабыр осы орайда мынадай пікір танытқан: *«Бүгінгі қазақтар — көне қыпшақтардың заңды жалғасы, мұрагері. Қыпшақтар қайдан шықты, қайда барды, қайда кетті деген күрделі сұрақтарға ғылымда нақ жауаптар, тың тұжырымдар айтылмай жатқан жоқ... Қазақтың біртұтас этнос болып қалыптасуында, өсіп-жетіліп, өркендеуінде Алтын Орда мемлекеті зор рөл атқарды... Қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің дені орта ғасырларда, Алтын Орда дәуірінде қалыптасқан. Халықтың өмір сүрген ортасына көзқарасы, ойлау жүйесі осы фразеологизмдердің бойынан анық көрінеді»* («Профессор Мұрат Сабыр: Алтын орданың тілі — көне

қыпшақ тілі», infoform.kz). Ол тарихи, тілдік және әдеби деректерге сүйене отырып, осы тақырыпқа қатысты өз ойын былай деп түйіндейді: *«Алтын Орданың бүгінгі басты мұрагері — қазақ ұлты, Қазақстан Республикасы деп тұжырымдауымызға толық негіз бар»*.

Қазақ тарихы тамырының қазақ тілінде екенінің бір дәлелі — осы. Бізге бұны бір сәт те естен шығаруға болмайды. Өткен жылы Атырауда болып өткен «Ұлық Ұлыс — Алтын Орда» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөз алған мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былай деген болатын: *«Алтын Орданың тарихы қазіргі Қазақ мемлекеттігінің жылнамасымен тығыз байланысты. Әйгілі Жошы хан кесенесі мен Сарайшық қаласының Қазақстан аумағында орналасуы және шетел мұрағаттарынан көптеген жазба деректердің табылуы — осының айқын дәлелі. Шын мәнінде, Алтын Орданың тарихы әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Түрлі себептерге байланысты төл шежіреміздің осы бірнеше ғасырлық кезеңі назардан тыс қалды. Еліміз егемендігін алғаннан кейін ғана бұл олқылықтың орнын толтыруға жол ашылды»*.

Бүгінгідей өзгеріске толы заманда және де қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде өркендеуіне мейлінше кең қылып жол ашудың жағдайын жасау қажеттігі қоғамымыздың күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырған шақта оның тарихи маңыздылығына соншалықты көп көңіл бөлуіміздің өзіндік себебі бар. Бұл тіл бұрын жарты дүниені билеген Ұлық Ұлыстың, яғни ұлы мемлекеттің тілі болған қыпшақ тілінің тікелей мұрагері ретінде кейінгі бес жүз бойы қаймағы бұзылмаған күйде сақталған. Оны ата-бабаларымыз сақтап, бізге мұра етіп қалдырған. Сол өткен ғасырлар барысында айналадағының барлығы өте көп өзгеріске ұшыраса да, қазақ тілі тіпті ешбір өзгермегендей қалпында сақталып келген. Оның дәлелі — қазіргі заманда арасы жүздеген жыл бұрын ажыраған ноғай мен қазақтың бір-бірін ешбір қиындықсыз, тіпті кеше ғана бөлінгендей түсінетіндігі. Бұны мақтан етуге болады, бұған таң қалуға болады. Бірақ осы жердегі ең маңызды нәрсе — ол қазақ тілінің бұдан былай қаймағы бұзылмай сақталуын қамтамасыз етуге қатысты біздің мойнымызда келешек ұрпақтардың алдындағы жауапкершіліктің бар екендігі. Оны тарих алдындағы борышымыз деуге де болады.

Ал, екінші жағынан алып қарағанда, ұлттық және мемлекеттік тілімізді жаңа заман талаптарына бейімдеу қажеттігінен туындайтын мәселе қазір барынша өткір қойылып отыр. Қазақ тілі Қазақстанның заман талабына сай, жалпыхалықтық және шынайы мемлекеттік тіліне айналуға тиіс. Бұл мақсатқа жетудің ғылыми жолын мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі көрсетіп берген. Ол Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында сөйлеген сөзінде қазақ тіліне *«реформа жасау және оны модернизациялау керектігін»* баса айтты. Қазір алға осындай міндет қойылып отыр. Реформа мен модернизация бағытын ұстану қазақ тілінің индустриялық және постиндустриялық қоғамда өзінің мемлекеттік мәртебесіне сай қызметін толық атқара алуына жол ашпақ. Бұл жерде алдымен *«Оның осы күні біздің мемлекет пен қоғамымызда осындай рөлді мүлтіксіз орындауға әлі де болса жете алмай отыруының себебі неде?»* деген сұрақтың

жауабын берудің қажет болатыны хақ. Отандық филолог-мамандардың пікірінше, мәселе мынада: қазіргі уақытта аграрлы қоғамның жалпыхалықтық лексикасын жалпақ тіл стилінде қолдану деңгейінде қалып отырған қазақ тілі индустриялы немесе тіпті постиндустриялы қоғамның нормаланған тілінің міндетін атқаруға дайындықсыз қосып жіберілген.

Пост-кенестік кеністікте бұндай қиындықтарға ұшырап отырған жалғыз ғана Қазақстан емес. Мәселен, Өзбекстандағы мемлекеттік тілдің жағдайын ташкенттік зерттеуші Бахтиер Алимджанов былайша суреттейді: *«Очевиден тот факт, что высшие инстанции не знают узбекского языка, но, если даже знают его на обыденном уровне, государственные дела нельзя решать на национальном «несовременном» языке. Использование в парламенте русского языка тоже имеет свое оправдание. Не сложился юридический узбекский язык. До сих пор нет хороших учебников на узбекском языке. Все упирается на невозможность использования узбекского в качестве юридического и политического языка, так как узбекский язык не оформился в «модерный» понятный язык»* (<https://cabar.asia/ru/uzbekistan-pochemu-uzbekskij-ne-stal-yazykom-politiki-i-nauki>).

Бұдан «Өзбекстандағы мемлекеттік тілдің де жағдайы біздікімен шамалас екен ғой» дегендей пікір туындайды. Бірақ қазір ол ел де 2020 жылдың 20 қазанында шығарылған Өзбекстан Республикасы Президентінің «Елдегі өзбек тілін одан әрі дамыту және тіл саясатын жетілдіру шаралары туралы» жарлығы бойынша аталмыш мәселеге қатысты түрде модернизация амалдарын жүзеге асыруды қолға алған.

Әзербайжандағы мемлекеттік тіл де Қазақстан мемлекеттік тіліне ұшырасқанға ұқсас жағдайды басынан өткеріп жатқан сияқты. Бұны сондағы тіл білімінің маманы Севиндж Алиеваның мына бір сөздерінен аңғаруға болады: *«И больше всего нас беспокоит построение предложений на азербайджанском по правилам русской грамматики»* (<https://www.bbcussian.com/russian/features-53512088>). Тап осындай құбылыс кезінде біздің елімізде де әшкереленген еді. Оның дәлелі мынау: *«Ғылыми, ресми және публицистикалық стильде қазақша мәтін құрастырған автор қазақ тілінің лексика-грамматикалық мүмкіндіктерін ескермей, бар ойын орыс тілінің қалыбына салады»* (<https://ortalyq.kz/aza-m-tinderindegi-kalka-m-selesi-leksikaly-kalka/>).

Ал қазақ тілін модернизациялау барысында бізге үлгі ретінде қарауға басқа бір елдегі жан-жақты дамыған түркі тілінің тәжірибесіне көз салған тіпті артықтық етпес еді. Қазір ондай мемлекет — біреу-ақ. Ол — Түркия. Бүгінгі таңда түркі тілдерінің ішінде мемлекеттік тіл ретінде жан-жақты жетілген және мейілінше қалыптасып қалған бір ғана тіл бар. Айтқалы отырғанымыз — сол Түрік Республикасындағы түрік ұлтының тілі.

Ол тілдің фонетикалық құрылымының тап сол біздің тіліміздегідей басты ерекшелігі — дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың үндестігі. Ондай сингармонизм қазақпен көрші тұратын өзбек тілінде де жоқ. Бұны бір деңіз. Екіншіден, түрік тілінің зат есім жасау мен етістіктің тұйық райынан басқа түрлерін тарату

үлгісі қазақ тілі үлгісіне сәйкес. Мысалы: «görünüm» — «көрінім»; «görmek» — «көру», «göünmek» — «көріну», «göündürmek» — «көріндіру» және т.б.с.с.

Бұл жерде не дегенде де, бір нәрсенің басы ашық. Қазіргі түрік тілі кейінгі бір ғасыр уақыт ішінде өсіп-өніп, буыны әбден қатайған жан-жақты мемлекеттік тілге айналған. Ол халқының саны жағынан әлемдегі алдыңғы 20 мемлекеттің қатарына кіретін Түрік Республикасының бірден-бір қоғамдық қатынас құралы міндетін толығымен атқарады.

Қазақ тіліне, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «реформа жасау және оны модернизациялау керектігін» ескере отырып, түрік тілінің тиянақты тәжірибесіне мейлінше мұқият үніліп, одан қазіргі жағдайда қажет болатын үлгі алуға ден қойған жөн болар. Әсіресе бұның өз тілімізде саяси және құқықтық терминдер қатарын әрі қарай қалыптастыруға көп көмегі тиетін сияқты. Осы уақытқа дейін бұндай мүмкіндікке көп ден қоймай жүрміз. Енді оған басқаша көзқарас қалыптастыратын кез келген сияқты.

Түрік тілінен соңғы отыз жыл ішінде қазақ тіліне енген сөздер тіпті жоқ емес — бар. Бірақ олар көп емес. Айтқалы отырғанымыз «пайыз» (faiz), «сынып» (sinif), құқық (hukuk) және «Алмания» (Almanya) сияқты сөздер мен атаулар. Олар қазіргі қазақ тілі терминдерінің қатарына белгілі бір жүйе негізінде қабылданды деу қиындау көрінеді. «Пайыз» (faiz) бен «сыныпқа» (sinif) дауымыз жоқ. Ал «құқық» (hukuk) пен «Алманияның» (Almanya) бүгінгі қазақ тілінде алатын орындарына қатысты туындайтын сұрақтар бар. Мәселен, бізде қазір сол жаңадан қабылданған «құқық» сөзін бұрыннан бар «хақ» сөзінің орнына қолдану кең өріс алған. Мысалы, «Өз құқығыңды білесің бе?» немесе «Құқығым бар» деген тақырыптарға Интернет арқылы іздеу салып көрсеніз, сонда көптеген материалдар мен мақалаларға сілтемелер табылады. Бұрын олардың орнына әбден ретті түрде «Өз хақыңды білесің бе?» немесе «Хақым бар» деген сөз тіркестері қоланылатын. Ал қазір оларды ауыстырған «Өз құқығыңды білесің бе?» немесе «Құқығым бар» деген сөз тіркестері жаңсақ мағына береді. Әрине, «hukuk» (арапша «hak» (حَق) деген түбірден туындайды және соның көпше түр мағынасын білдіреді) пен «hak» (арапша «hukuk» (حُكْم) деген сөздің жекеше түрі) — бұл этимологиялық түбірі ортақ екі сөз. Бірақ түрік тілінде бұлардың біріншісі «заң» дегенді, ал екіншісі «заң тарапынан қорғалатын мүдде» дегенді білдіреді.

Ал «Almanya» атауын түріктер француз тілінен алған. Бұл — олардың тіліне тән дәстүр туындысы. Орыс тілі осы уақытқа дейін қазақ тіліне қандай әсер еткен болса, француз тілі де түрік тіліне шамамен сондай әсер тигізген. Қазақ тілінде халықаралық терминдер мен атауларды орыс тілі арқылы қабылдап алу дәстүрі баяғыдан қалыптасқан. Олай болса, бізге жеке бір елдің атын французша атауға қандай негіз бар.

Дегенмен, қазақ тіліне түрік тілінен бізде әлі күнге дейін толық мағыналы баламалары жоқ лексикалық элементтерді алу әбден орынды болар еді. Бізге қажеті осы.